

Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті Тарих,
Археология және этнология
факультеті, Археология,
этнология және музеология
кафедрасының профессоры
Т.ғ.д. Б.К. Қалшабаева

Ирандағы қазақ диаспорасының үйленуге байланысты әдет- ғұрыптарындағы ерекшеліктер

Ирандағы қазақ диаспорасы әртүрлі мәліметтер бойынша 10-15 мың адамды құраса, қазіргі кезеңде 8 мыңдай қазақтың барлығын айтады. Олар негізінен Иранның Горган, Бендер-Туркмен және Гүлістан (бұрынғы Мазендаран) провинциясының Гомбад қалаларында мекен етеді (1). Ирандағы қазақ диаспорасының негізін ХХ ғ. 20-30-жылдарындағы КСРО-да жүргізілген ұжымдастыру науқаны яғни мал мен астық қорын тәркілеуден үрейленіп, жаны мен малын аман алып қалу үшін бас сауғалауға мәжбүр болған қандастарымыз құрайды. Олардың көпшілігі Маңғыстау облысы аумағы мен Түркіменстаннан келген. Міне осы кезеңнен бері олар бір бөлек «қазақ ауылын» құрып, дәстүрлі мәдениетін сақтап отыр дегенімізбен де тілінде, ділінде, салт-дәстүрлерінде жергілікті ортадан сіндірген мәдениет элементтері кездеседі. Қазақтар мен жергілікті ортаның мәдени ықпалдастығы отбасылық қатынастар мен әдет – ғұрыптарда жиі көрініс табады.

Қай қоғамда болмасын отбасы адам өндіру, оны тәрбиелеу қызметін атқаратындығы белгілі. Сондықтан да ол бір жағынан халықтың іргетасын қалыптастырса, екінші жағынан этникалық мәдениетті сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа таратуға ықпал етеді. Халқымыздың отбасын құруға байланысты ғасырлар бойы қалыптастырған, желісін үзбей жалғастырып отырған салт-дәстүрлер бар. Ғасырлар бойы халқымыздың қалпына айналған салт-дәстүрлер бүгінге дейін шетте жүрген отандастарымыздың да дәстүрлі мәдениетінің бірі болып, жалғасын тауып келе жатыр. Қазақтың қай әдет-ғұрыптары болмасын барлығы көбіне жастарды үлкенді құрметтеуге, оларды отбасын құраудағы жауапкершілікке үйретуге бағытталған. Сол сияқты Ирандағы қазақ диаспорасының да отбасын құруға байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде қазақи ұлттық дәстүрлер жалғасқан. Дегенмен де ұзақ жылдар бойы бөгде ортада отырған қандастарымыздың дәстүрлерінде заманның ағымына, сол елдің саяси-әлеуметтік саясатына және басқа этникалық ортаға қарай өзгерген өзіндік ерекшеліктер де жеткілікті.

Шеттегі қазақтардың ішінде Иран, Ауғанстан және Түркиядағы қазақ отбасылары үлкен патриархалды отбасын қазірге дейін өз деңгейінде сақтаған деуге болады. Онда әке, шеше, отбасын құраған 2-3 балалары мен келіндер, олардың балалары бірнеше бөлмеден тұратын бір үйде бірге тұрмыс кешеді. Әкенің өкімі қай кезеңде, қандай жағдайда болмасын орындалуы шарт, оның рұқсатынсыз ешқандай баласы шаңырақ құра алмайды және үйленсе де батасын алмай бөлек кете алмайды. Әкенің айтқаны бала мен әйелге заң.

Ұлдары үйленгеннен кейін өз тұрмыс-тіршілігін жүргізе алатындай жағдайға жеткенде ғана әкесінің батасын алып, бөлек кете алады.

Ирандағы қазақ жастарының отбасын құрауы қомақты материалдық шығындарды қажет етеді. Сондықтан да олардың үйленуі отбасындағы оның ішінде әкенің табысына байланысты болады. Әке баласын үйлендіруге қаржысы жеткілікті болған жағдайда ғана үй-іші, туған-туысқандармен ақылдасып, шешім қабылдайды. Баласының сыртынан ақ өздерімен теңдес, не қызын береді ау деген кісілермен сөз байласып, құдалық қамына кіріседі. Қалыңдық таңдау көбіне ата-ананың ырқымен жүреді. Бұл жөнінде елімізге Ираннан оралған қандастарымызбен сөйлескенде де ол жақта қыз таңдау әкешенің ұйғарымында болатындығы айқындалды. Бұл дәстүр қазірге дейін жалғасын тауып отыр, бірақ Қазақстанға келген соң жоғары оқу орнынан білім алған жастардың қалауы өздеріне беріліп отыр деп әңгімеледі (2). Бұл жөнінде Жеменей де ата-ананың қалыңдық таңдау үрдісі 1980 жылдарға дейін қатаң сақталғанын, кейінгі жылдары жастардың өздеріне жар таңдау мүмкіндігі туғандығын, Иран қазақтарының арасынан ең әуелі ұл балалар оқып, әкелерінің шешімі бойынша мүлдем оқымаған қыздармен де үйленуге міндетті болғандығын – айтады (3,34 б). Біз бұл жағдайды Қарасай ауданындағы оралмандардан жинаған материалдардан да байқадық. Қазақтар арасындағы әлі күнге дейін үлкендердің қыз айттыру, яғни қалыңдық таңдау құбылысының әке ырқында болуы Иран еліндегі әйелдердің құқығының шектеулігімен байланыстыруға болады. Себебі, бізге сұхбат берген әйел информаторлар (4) әкеміз бізге кімге бар десе, соған тұрмысқа шығамыз, олар бізді жаман жерге итермелейді деген пікірлерін айтты. Бұл мәліметтер бір жағынан ертеден келе жатқан дәстүрдің яғни ата-ананың қалыңдық таңдауы, екінші жағынан қазіргі заманда да осылайша жалғасуы сол елдің салтымен астасып жатыр деуге болады. Бірақ айта кету керек, шеттегі қазақ жастарының жар таңдау мүмкіндігі тарлығына қарамастан, олар сол жергілікті ортадан бірлі жарым алғанмен, өздерінің қыздарын басқа ұлтқа бермейді, бұл тәртіп өте қатаң сақталған. Бір байқағанымыз, Ирандағы қазақтардың бір бөлігі 1995 жылдан бастап ресми түрде Иран мен Қазақстан елдерінің басшыларының келісімі бойынша ата мекендеріне көшіп орныққанмен мұнда да көбіне өз ішінде оралмандар арасынан үйленуге тура келеді.

Үйленудің алғашқы бастамасы құдалықтан басталады. Жігіт ата-анасы, ағайын тумалары, үлкендері ұлын үйлендіруге шешім қабылдаған соң құдалық қамына кіріседі. Құда түсу рәсімінің алғашқы бастамасы қызды айттыру. Жігіт жақтың ата-анасы ертеден көзі түскен қыздың үй-ішінен сыр тарту үшін, пысық, сөзге шебер әйел туысқан адамы қыздың анасымен хабарласып өз ойларын білдіреді. Қыздың анасы мақұл көріп, күйеуімен, туысқандарымен ақылдасып, қыздарын беруді дұрыс деп шешсе, бір апта ішінде өздерінің келіскендерін хабарлайды. Мұны білген соң жігіт жағы баяғы ата салтпен «жаушы» жібереді. Оған жігіт жақтан елге абыройлы, беделді ағайындардың, бірі бас болып бірнеше адамды ертіп қыздың үйіне барып, өздерінің келген мақсатын айтады. Алдын-ала келісіммен келген олар жаушыларға да сый-сияпат көрсетіліп, дастархан мәзірін жасайды. Бірақ бұл жолы қызды ұзату

туралы жауапты бірден бермей, артынан хабарласармыз деп, қайтарады. Қыздың ата - анасы ақсақалдармен кеңесе отырып, құда түсетін күнін белгілеп жігіт жаққа хабарын береді. Бұл жолы жігіттің әкесі бірнеше ақсақалдарын ертіп қыз жақтың «үлкен шаңырағына» барып құда түседі. Екі жақтың ата-аналары, ақсақалдары әңгіме-дүкен құрып, шәй ішіп, тамақтанып болған соң қыз жағы «Бұйымтайыңыз бар ма?» деп сұрайды. Олар келген мақсаттарын білдіреді. Осыдан соң екі жақ та өз ризалықтарын айтып, жегжат болайық деген тоқтамға келіп, сөз берісіп, құда болады. Енді осы жолы құдалық рәсімін жасайтын күнді белгілеп, құдалық той, қалың мал мөлшерін келіседі. Қалыңмалдың көлемі құда болысқан екі жақтың әл-ауқатымен байланысты. Кей жағдайда ел арасында бәсекеге айналып, көлемі де өзгеріп отырады. Оның мөлшерін ауқатты, немесе бәсекешіл адамдар өзгертіп отырады. Мәселен, қалың малдың көлемі орташа есеппен алғанда 3-4 мыңнан 2 мың долларға дейін жететін болған. Бүгінде тарихи Отанына оралған Иран, Түркия, Ауғанстандағы қазақтардың да осы жердегі қалың мал көлемі 2 мың доллардан түспегендігін Қарасай ауданында жүргізген зерттеулерде куә болдық. Жалпы қалыңмал жігіт жақтың материалдық жағдайына байланысты бір, екі яки үш мерзімге бөлініп төленеді. Бірақ қалай дегенмен де қазірге дейін қанша қалың мал берсе де оның мөлшері қызға берілген жасаудың шығынын толық жаба алмайды. Мұнан басқа қалыңмалдың оннан бір мөлшері «Ағалық хақы» деп беріледі (3,36 б.).

Қалыңмалдың белгіленген мөлшері төленген соң ғана екі жақ құдалық той жасау күнін белгілейді. Қазақта қай кезеңде болмасын, қыз ұзату, келін түсіру, жалпы қай істі болмасын өздерінің ырымы бойынша сәтті күннің біріне белгіленеді.

Құдалық той белгіленген соң екі жақ та ағайын-туысқандарымен ақылдаса отырып, тойдың дайындық қамына кіріседі. Қыз жағы құдалыққа, тойға баратын адамдарын анықтап, жігіт жаққа қанша адам баратындығын айтады. Соған қарай олар өздерінің сый-сияпатын (китін) дайындайды. Ал, жігіттің анасы, жақын апа-жеңгелері қызға тағатын алтын сырға тағы басқа сыйлықтарын дайындайды. Мұнда жігіт жақтың әл-ауқатына байланысты қызға алтын бұйымдар мен түрлі сыйлықтар беріледі. Қыз жақтың адамдары да құр қол келмей «Ақ қалта», «Ала қалтасын» көтеріп келеді (3,36 б.). Құдаларға арнайы үй дайындалады. Бұл үйді «Құда түсетін үй» деп атайды. Құдаларды күту, олардың жағдайын жасау үшін арнайы сөзуар, пысықай жанашыр ағайындарды алдын-ала дайындап міндеттейді.

Бір күн бұрын құдалық тойдың дайындығы басталып, құда түсетін үйге қыз жақтың жеңгелері, ағайын-жегжат, жолдастарының әйелдері жиналып, тойға керекті заттарды дайындауға кіріседі. Көмектесуге келген әйелдер құр қол келмей қыздың жасауына қосатын заттарын, тойға керекті тәттілер, түрлі мата тағы басқа бұйымдарын «той шашуы» деп ала келеді. Бұл ғұрып бүгінде де қазақтың кейбір бөлігінде жақсы сақталған, ол түр жағынан басқа болғанмен, мағынасы бір болып келеді. Мәселен Өзбекстандағы қазақтарда тойдың дастарханына қойылатын тәтті тағамдарды ағайын –туғандары мен көршілері бөлісіп әкеледі. Бұл бір жағынан той өткізетін үйге көмек ретінде қаралады (5). Ирандағы қазақтарда қуанышқа шашылатын «шашу» көбіне теңге

болып келеді. «Теңге шашу» Түркіменстанның қазақтарында болмаса, бүгінде қазақ арасында көп кездесе бермейді.

Құданы қарсы алу барысында да қазақтың әртүрлі ырым-жырымдары жасалынады. Мәселен, «ұн жағу», «шашу», «арқан керу» т.с.с. Бұл ырымдардың мән-мағынасының барлығы ақ ниеттен көңіліміз ағарып, молшылықта болайық деген ырымдарды білдіреді. Бұрындары халықты қызыққа батырамыз деп құдалардың бірін ұнға әбден батырып, тұла бойын қардай аппақ қылып тастайтын. Кейінгі кезде бұл рәсімнің тек қана ырымы жасалынатын болды.

Сол күні құдаларға атап қой сойылып, бас тартылып сый-құрмет жасалады. Кейінгі жылдары құдалардың ас-мәзіріне күріш пісіру әдетке айнала бастады. Сыйлы қонаққа күріш беру Ирандағы түркімен, иран, өзбек халықтарының әдеті. Міне, осы жергілікті халықтың әсері болар бүгінде күрішпен қарсы алу кеңінен тарай бастады. Қонақ санының көп болуына байланысты әр төрт, алты қонаққа бір табақ күріш тартылады. Бірақ қазақ күрішінің түркімен және жергілікті елдің түрлі күріш тағамдарынан айырмасы оның еті молырақ болуында. Тамақ қолмен желінетіндіктен қонақтарға қол жуғыш әкелініп, қолдарына құмғанмен су құйылады. Бүгінде үлкен жиындарда күріш беру біздіңше етке нан илеп салуға қарағанда күріш пісіру оңайырақ болғандықтан сияқты.

Тамақ тартылып жатқанда, бір адам «шелек алып жүру» дәстүрін орындайды. Шелек ішіне қонақтар туыстық-достық қарым-қатынастардың алыс жақындығына қарап сый ақша салады. Шелекке түскен ақшалар үй иесіне тапсырылады. Қонақтар бәрі үйден сыртқа шыққан соң жігіттің әкесі не ағасы үйден сыртқа шықпас бұрын отырған жердің киізінің астына қонақ иесіне «сыйлық» ретінде ақша қалдырады. Бұл «төсек асты» делінеді (5). Құдалар тарапынан алым-салық алу үшін қазақтың бұрыннан келе жатқан «ит ырылдар», «қыз көрсетер», т.б. ырымдары да жасалынады.

Қызға құда түсіп кеткен соң қыздың қалыңдық болу мерзімі екі жақтың әл-ауқатына қарай алты айдан бес жылға дейін созылуы мүмкін. Бұл кезеңде жігіт пен қыз ашықтан-ашық кездесе алмайды. Қыз да жігіт те екі жақтың ата-ене және туған-туыстарының көзіне түспеуі керек. Бұны «қашпақ» деп атайды. Ал жігіт пен қыз бұл үрдісті бұзса оларға айыппұл төлеуге тура келеді. Бірақ бұл қатаң дәстүр қазіргі кезде біршама жұмсарды. Ал, Отанға оралған қазақтарда мұны көп ұстамайды. Бірақ, қалыңдықты келін етіп түсіргенге дейін екі жақ бір-бірімен жақын араласып жатады. Мәселен, айт күндері, наурыз мерекесінде екі жақ құдалар бір-біріне «көрісуге» (14 наурыздан басталатын «көрісу» ғұрпы қазірге дейін Қазақстанның батыс облыстарында жақсы сақталған) барады. Ал, наурыз айтта күйеу тарапынан қалыңдыққа міндетті түрде алтын әшекейлі бұйымдар сыйлыққа алып баруы керек.

Келін түсіру тойы жігіт жағы қалыңмалды толық төлегеннен соң ғана өтеді. Сондықтан да құда болғанмен келін түсірудің айдан жылға дейін созылуы осымен байланысты. Той мерзіміне дейін қыз өзінің сырлас жеңгелерінен «сыңсу» өлеңдерін үйрене бастайды. Қыз ұзатылардың алдында қазақтың дәстүрі бойынша ұзатылатын қызды өз ағайындары мен дос-

жарандары қонаққа шақырып, оған қоса жастарды да қонақ етіп думандатып қыздың көңілін аулайды. Яғни қызды түнде барлық туыстары мен достары қоса шақырып, үлкен құрмет көрсетіп, ән айтып, күй шертіп той сияқты етіп өткізеді. Бұны Иран қазақтары «Ойын» кеші деп атайды. Қыздың құрметіне жасалатын мұндай «ойын» кештері ағайындарының санына байланысты бірнеше күнге созылуы мүмкін. Қыздың үйіндегі соңғы күнінде «қыз қашар» ұйымдастырады. Оны қыздың жақын ағаларының үйінде өткізеді. Оны да ойын-сауықпен өткізеді. Бұл ойынның шығынын жігіт көтеру керек. «Қыз көрсетеміз» деп жігітке қызды алып келіп, кейде көтеріп әкеп жігіт екеуін оңаша бір үйде қалдырады. Бұл бір жағынан екеуінің жете танысуына жағдай жасау. Біздіңше аталған дәстүр бұрынғы «ұрын барудың» өзгерген түрі сияқты. Қалай дегенмен де Иран қазақтарының әдет-ғұрып салт дәстүрлерінің сыртқы түрі аздап өзгеріске ұшырағанмен мазмұны қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрлерінің жалғасы іспеттес.

1980-1985 жылдарға дейін «ойын» кештерінің көркі қазақтың қара домбырасы мен қазақ жырлары еді. Бірақ, қазіргі заманда бұл үрдіс бұзылып, «ойын» кештері жергілікті жердің жеңіл әуендері, жеңіл билерімен парсы тіліндегі әуендермен өтіп жатады. Бұл қазақ тілінің әлсірей түскенінің бір белгісі, - деп көрсетеді И. Жеменей (3,39 б.). Мұндай шақырулардан кейін қазақтың салтымен ұзатылатын қыздың қалауын не жасауына қосатын бұйымдарын беріседі. Бұл ғұрып әлі күнге дейін Түркіменстан, Өзбекстан қазақтарында кездесіп тұрады (5).

Ирандағы қазақтар ертедегі дәстүрлі мәдениетті қаз-қалпында сақтап отыр деуге де болады. Мәселен, қыз жақ құдалыққа келгендерге «кит» берумен бірге жігіт жаққа «төс», көйлек-орамал, екі әйел костюмін кілемге орап беріп жібереді. Кілемді жігіттің үйіне апарған соң бақытты жас әйелге аштырып, сыйлықтарды бөлісіп алады, ал кілем ашқан әйелге арнайы сыйлық беріледі. Сол сияқты қыз жағынан келген құдаларға да сондай сый-сияпат беріліп, «құйымшақ» тарту етіледі. Осы жолы құдаларға қалыңмалдың бір бөлегі төленіп бата беріледі, осыдан кейін ғана құдаласқаны ақиқат болып саналады.

Осы міндеттерден кейін келін түсіру қамына кіріседі. Тойға дайындық та оны өткізу де барлық ағайын туысқанның көмегі арқасында жүзеге асады. Қалыңдықты алып келер алдында «күйеу той» өтеді. Ол қазақтың бұрыннан келе жатқан «күйеу аттандырар» тойы екендігі белгілі. Мұнда да күйеу тойға келген қонақтар той иесіне материалдық көмек болсын деген ниетпен «Орамал той» деп ақша беріп жатады. Тіпті ауқатты ағайындарға салық та салынады. Мұндай шаралар той иесіне айтарлықтай көмек тигізеді. Тойдан кейін күйеу жақтың ең жақын адамдары қалып, кім баратынын, қандай кит апаратынын жақын жуығымен ақылдасады. Бұны «ошақ басы» дейді. «Бас құда», «күйеу жолдас» сайланады. Құда тойдың басынан аяғына дейін күйеу баланың өкілі ретінде сөз сөйлеп, қажетті міндеттерін атқарады.

Күйеу баламен бірге жүретін құда, кіші құда, күйеу жолдас тағайындалған соң басшы әйелдермен ақсақалдар «кит» мөлшерін, кімге беру мәселесін белгілеуге кіріседі. Келешек келіннің отбасы мүшелері мен ағайындарына китпен қоса белгілі мөлшерде ақша орамалға салып беріледі.

Дайындалған киттердің кімге тиесілі екені қағазға жазылып беріледі. Ең бірінші қыздың әке-шешесіне, аға-інілеріне, апа-сіңілілеріне, нағашы жұртқа, жақын руларына, «Ақсақал шапаны» немесе «Қосай шапаны» деп аталатын кит (Адайлар Қосай атаны үлкен шалымыз деп есептегендіктен) беріледі. Сонымен қатар басқа да алым-салықтарды кит деп атайды. Мәселен, мал сойып, тойдың асын дайындаған кісіге «Мал бауыздар», қыздың ең жақын жеңгейіне тиесілі бағалы «Жеңгетай» киті, күйеу бала өз қолымен өзіне келіннің қолын ұстатқан жеңгесіне «Қол ұстатар» сиын, қызды әкететін күні «Күйеу аттанар», «Қыз қашар» сыйларын тапсырады. Киттің, алым-салықтың мөлшері қай кезеңде болмасын елдің не құдалардың жағдайына қарай өзгеріп отырады.

Осыдан кейін тағы бір қызық рәсімінің бірі орындала бастайды. Күйеу той түске дейін өтіп, киттер дайындалып, бас құда мен көмекшісі белгіленіп біткеннен кейін түс қайта жігіттің жеңгелері «Күйеу костюмін» кигізу рәсімі жасалады. Бұның қызық жері жігітке күйеу костюмімен қоса иығына плащ, басына қалпақ кигізеді. Бұл дәстүр қазақтар түгіл парсылар мен түркімендерде жоқ,- деп көрсетеді И. Жеменей. Бірақ кейбір информаторлардың айтуына қарағанда Ирандағы майда халықтар арасында кездесетіндігін мәлімдеді. Сол сияқты қыз ұзату тойында да қызға аттанарда «жадағай» шапан жабады. Ол қыз жігіттің үйіне барғанда сыртқа шығарда бетін көрсетпеуге қолайлы болған. Қыздың басындағы тақиясын алып, қызыл мақпал жабатын болған. Қыз аттанарда жеңгелерімен қосылып «сыңсу» айтып шығады.

«Неке қию» қазақтың ертедегі дәстүрі бойынша қыздың үйіне молда шықырылып, куәгерлер тағайындап қияды.

Келін жігіттің үйіне жақындағанда оны қыз-келіншектер қарсы алып, жеңгелері қыздың басындағы қызыл орамалды алып, «бұрама жаулық», беліне «терме белбеу» орайды. Келін түскенде де қазақтың дәстүрі «беташар» жасалынып келінді ағайын тумалармен таныстырады. Сондағы беташардың нұсқасынан үзінді келтіре кетейік:

Алқалаған әлеумет,
Аз ғана шыдап, сабыр ет.
Келіннің бетін ашуға,
Біздерге бердің бір мәулет.
Бір көлдің келін аққуы,
Қайырлы болсын бұл қонған
Бұйрықты қоныс-көліңіз.
Жастары бар қарты бар,
Беташар деген салты бар.
Сол кәдесін істеуге

Келіп тұр, келін жөніңіз, -деп (3, 52-54бб) ары қарай ата-анасынан бастап жақын жуығына сәлем салдырта отырып, таныстырып өтеді.

Әрине бүгінде бұл өлең-жырлардың көбісін жаттатқызып жастарға үйретеміз, жастардың тілі парсыға кетіп бара жатыр деп дабыл қағады үлкендер жағы. Жалпы алғанда Иран, Ауғанстан қазақтарының әдет-ғұрып салт дәстүрлері Түркиядан келген қазақтармен салыстырғанда жақсы сақталған.

Бүгінде Ираннан келген қазақтар жергілікті халықтардан гөрі Ауғанстан, Түркиядан келген қазақтармен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, бір-бірімен қыз-алысып, берісуді көбірек мақұлдайды. Мұның өзі олардың әлі де болса жергілікті ортаның менталитетіне бейімделе қоймағандығын көрсетеді. Біздің жастарымыздың көпшілігінің білімі аз, сондықтан да болар жергілікті жастар біздің жастарымызға көп қарай бермейді деген пікірлерді айтады. Бұндай жағдай әрине кейінірек келген қазақтардың арасында орын алған. Ал өткен ғасырдың 90 жылдары келгендердің балалалары арасында мұндай жағдайлар көп кездеспейді деуге болады. Дегенмен де шеттегі қазақтардың және де сол жақтан келгендердің дәстүрлі мәдениетінің сақталуы мен өзгерісін зерттеу бүгінгі күннің талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Садовская Е.Ю. Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы. - Алма-Ата, 2001. - С. 108-124
2. 2012 ж. Қарасай ауданынан жиналған материалдардан.
3. Жеменей И. Иран қазақтары. - Алматы: Зерде, 2007. – 149 б.
4. Тұрсын Жанғабыл, жасы 70- те, руы Жанғабыл., Али Түрік, жасы 68- де, руы адай, Әбділ Қадыр, жасы 65- те, руы кіші жүз.
5. Қалшабаева Б.К. Орталық Азия қазақтары. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 405 б.